

ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ ACCOUNTING AND AUDITING УЧЕТ И АУДИТ



МРНТИ 06.35.31

Б.А. Алибекова, Д.Б. Джаксылыкова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: alibekova_ba@enu.kz, jaxylykovadana@gmail.com)*

Мемлекеттік аудиттегі стандарттар жүйесі

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудиттің нормативтік-құқықтық реттелуінің екінші деңгейі, яғни мемлекеттік аудиттегі стандарттар жүйесі, оның ішінде халықаралық және отандық стандарттары қарастырылған. Жаһандану жағдайын ескере отырып жаңадан қалыптасып келе жатқан отандық стандарттар жүйесінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті, бұл мақалада отандық стандарттар жүйесінің бүгінгі күні нақты қолданыстағы бар стандарттары анықталып, мемлекеттік аудиттің отандық стандарттарының халықаралық тәжірибеге негізделген ISSAI стандарттарымен интеграциялау деңгейлері қамтылған.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудит стандарттары, мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары, мемлекеттік аудиттің отандық стандарттары, INTOSAI, жоғары мемлекеттік аудит органдары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2019-1-37-48>

Қазақстан Республикасы Президенті «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауында елде мемлекеттік аудиттің ең озық әлемдік тәжірибесін негізге ала отырып кешенді жүйе құрастыруды міндеттенді [1]. Аталған міндетті жүзеге асыру арнасында 2015 жылы 12 қарашада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңы қабылданып, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы органдардың өкілеттіліктері мен қызметтерінің ұйымдастырылуын анықтайтын, осы саламен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық реттеу жүйесінің бірінші деңгейі қалыптасты [2]. Өз кезегінде, заң талаптары, заманауи жаһандық жағдайында Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа бірігуін ескере отырып мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың халықаралық стандарттарымен сәйкестендірілген отандық стандарттар жүйесін қалыптастырып, қолданысқа енгізуді өзекті мәселелер қатарына енгізді. Қазіргі таңда мемлекеттік сектордың аудиторлық қызметінің қатысушыларына бірдей ережелерді, қағидаларды, сипаттамаларды бекітетін нормативтік-құқықтық реттеу жүйесінің екінші деңгейі болып табылатындар – халықаралық және отандық стандарттар.

Елімізде алғашқы рет жарық көрген мемлекеттік аудит оқулығының авторлары атап өткендей, жалпы әлемдік тәжірибеде халықаралық стандарттарды қолданудың үш нұсқасы бар: 1) Халықаралық аудит стандарттарын негізге ала отырып ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;

- 2) Халықаралық стандарттарды ұлттық стандарттар ретінде қабылдау;
- 3) Халықаралық стандарттарды назарға ала отырып қызметтерді атқару [3, 86 б.].

Қазақстанда мемлекеттік аудит саласында халықаралық стандарттарды есекере отырып отандық стандарттарды әзірлеу жолы таңдалып алынды, өйткені ол отандық ерекшеліктерді де ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында сыртқы мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттардың енгізілуі Қазақстан Республикасы Президентінің «ҚР-да мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы» атты 2013 жылғы 3 қыркүйектегі №634 Жарлығымен бекітілген [4]. Аталған тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарын 3 кезеңде толық енгізілуі ұсынылды.

Бірінші кезең дайындық кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде әдіснамалық базаның ағымдағы жағдайын ISSAI стандарттарына сәйкестігі мен Есеп комитетінің талаптары мен міндеттеріне толық жауап беретін сыртқы мемлекеттік аудиттің әдіснамалық базасының қалаулы жағдайы арасындағы айырмашылықтар мен олқылықтарды анықтау үшін сәйкестік талдауы жүргізіледі. Олқылықтар талдауы жүргізілген соң Халықаралық стандарттарды енгізу бойынша бастапқы жоспары құрылады.

Екінші кезең сыртқы мемлекеттік аудит стандарттарын, олармен байланысты өзге құжаттарды жаңа талаптарға сай өзгерту, жаңа стандарттарды әзірлеу және оларды апробациялау іс-шаралар кешенінен тұрады.

Үшінші кезең республика бойынша бақылау органдарының барлық қызметкерлері үшін дайындық-оқыту бағдарламаларын өткізуді көздейтін мемлекеттік аудит стандарттарын сүйемелдеу іс-шараларынан тұрады.

Бүгінгі күні, Есеп комитетінің мүшесі С.Н. Нугербеков мәліметтері бойынша, Есеп комитеті сыртқы мемлекеттік аудиттің жаңа стандарттарын және олардан туындайтын құжаттарды әзірлеу мен жаңарту және оларды апробациялау бойынша жұмыс жүргізуді көздейтін екінші кезеңді іске асырып жатыр [5, 27 б.].

Қазіргі уақытта қолданыста жүрген ISSAI құрылымы 2007 жылы INTOSAI-дың XIX Конгрессінде қабылданған ресми құжатында ұсынылады [6]. Кәсіптік стандарттары бойынша INTOSAI Комитеті жоғарғы жоғарғы мемлекеттік аудит органдары (ЖМАО) алдына қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданған, INTOSAI Конгрессімен бұрын қабылданған барлық құжаттарды бір ретке келтіріп, оларды келесі төрт деңгейлі иерархияға жүйелендірді:

1-деңгей: Басшылыққа алынатын қағидалар. Бұл қағидалар 1977 жылы қабылданған Лим декларациясымен бекітілген.

2-деңгей: Жоғарғы мемлекеттік аудит органдарының алдын ала шарттары. Бұл деңгейдің стандарттары ЖМАО-ның қызметі тиісті дәрежеде орындалуы үшін базалық талаптар мен шарттарды анықтап ашып көрсетеді.

3-деңгей: Аудиттің негізге алынатын қағидаттары. Мемлекеттік ұйымдарда аудитті жүргізудің негізгі қағидаттарын қамтитын жалпы, рәсімдік және есеп беру стандарттары. Бұл деңгейдегі стандарттардың мақсаты аудит тиімділігін қамтамасыз ету және сақтау, ЖМАО-ның одан әрі дамуын жалғастыру, INTOSAI және оның аймақтық ұйымдар шеңберінде халықаралық ынтымақтастық үшін жалпы кәсіптік негіз құру.

4-деңгей: Аудит бойынша әдістемелік ұсыныстар. Бұл деңгейдің стандарттары аудит жүргізу барсында анықалған нақты міндеттерге жетудегі қолданылатын тәжірибелік ұсыныстарды қамтиды.

INTOSAI стандарттарының 4 деңгейлі иерархияға жіктелуіне сәйкес олардың нөмірленуі келесі белгілер бойынша жүргізіледі:

1. Әр құжат оның иерархиялық деңгейін анықтайтын саны бірден төртке дейін жететін цифрлық кодтан тұрады.

2. 1000 (100 немесе 10) цифрлардан басталатын кодтар көбінесе жалпы сипаттағы құжаттарға арналған, ал x001-x999 үлгідегі кодтар бір жалпы тақырып шеңберінде нақты мәселедегі құжаттар үшін қолданылады.

3. 1000-9999 нөмірлері 4-ші деңгей кодтары. Олар әртүрлі пәндік салаларына сәйкес кластерларға бөлінген. INTOSAI бөлімшелері мен жұмыс топтары өз сала шеңберінде жүйенің сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты болып келеді.

4. 9000-9999 кодтары INTOSAI GOV (адал басқару әдістемесі) стандарттарына арналған. Бұл әкімшілік жауапкершілік аясының құрамына кіретін ішкі бақылау, бухгалтерлік есеп және өзге мәселелерді қамтитын ұсынымдар.

5. Өзге құжаттар – есептіліктер, глоссариилер, тәжірибелік үлгілер мен ұйымдар тізімдемелері үшін нөмірлік кодтар берілмейді. Олар анықталған жүйелендіру белгілеріне негізделі отырып, сәйкес ISSAI немесе INTOSAI GOV стандарттардың қосымшалары ретінде қосылуы мүмкін [7, 59 б.].

Бүгінгі күні қолданысағы бар INTOSAI стандарттардың тізімі ISSAI деңгейлер жүйесіне келтіріліп келесі кестеде берілген (Кесте – 1):

Кесте 1

Жоғары мемлекеттік аудит органдарының халықаралық стандарттары

| Стандарт | Құжаттың атауы | Қабылданған жылы | Қайта қарастыру талаптары |
|--|---|------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1-деңгей: Басшылыққа алынатын қағидалар. | | | |
| ISSAI 1 | Лим декларациясында анықалған мемлекеттік қаржы аудитінің басшылыққа алатын қағидалар | 1977 | - |
| 2-деңгей: Жоғарғы мемлекеттік аудит органдарының алдын ала шарттары. | | | |
| ISSAI 10 | ЖМАО-ның тәуелсіздігі туралы Мексикандық декларация | 2007 | Әрбір 15 жыл, алғашқы қайта қарау 2022 ж. |
| ISSAI 11 | ЖМАО-ның тәуелсіздігіне қатысты INTOSAI қағидалары мен жетік тәжірибе | 2007 | Әрбір 9 жыл, алғашқы қайта қарау 2016 ж. |
| ISSAI 12 | ЖМАО-ның мағынасы мен артықшылығы – азаматтардың өмір сүру сапасын көтеру | 2013 | - |
| ISSAI 20 | Ашықтық және есептілік қағидалары | 2010 | Әрбір 15 жыл, алғашқы қайта қарау 2025ж. |
| ISSAI 21 | Ашықтық қағидасы – озық тәжірибе | 2010 | Әрбір 9 жыл, алғашқы қайта қарау 2019ж. |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|--|--|------------------------|---|
| ISSAI 30 | Әдеп кодексі | 1998 | Әрбір 15 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| ISSAI 40 | ЖМАО қызметінің сапасын бақылау | 2010 | Әрбір 9 жыл, алғашқы қайта қарау 2019ж. |
| 3-деңгей: Аудиттің негізге алынатын қағидаттары. | | | |
| ISSAI 100 | Мемлекеттік сектор аудитінің негізге алынатын қағидаттары | 2013 | Әрбір 15 жыл |
| ISSAI 200 | Қаржылық аудитінің негізге алынатын қағидаттары | 2013 | Әрбір 9 жыл |
| ISSAI 300 | імділік аудитінің негізге алынатын қағидаттары | 2013 | Әрбір 9 жыл |
| ISSAI 400 | Сәйкестік аудитінің негізге алынатын қағидаттары | 2013 | Әрбір 9 жыл |
| 4-деңгей: Аудит бойынша әдістемелік ұсыныстар. | | | |
| 4.1. Жалпы қағидаттар | | | |
| ISSAI 1000-2999 | Қаржылық аудитінің басшылыққа алатын қағидалар | 2007, 2010 | - |
| ISSAI 3000-3999 | Тиімділік аудитінің басшылыққа алатын қағидалар | 2010 | 2004, Әрбір 5 жыл |
| ISSAI 4000-4999 | Сәйкестік аудитінің басшылыққа алатын қағидалар | 2010 | - |
| 4.2. Сала бойынша нұсқаулықтар | | | |
| ISSAI 5000-5099 | Халықаралық ұйымдарда жүргізілетін аудит бойынша нұсқаулық | 2004 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| ISSAI 5100-5199 | Экологиялық аудит бойынша нұсқаулық | 1998 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| ISSAI 5200-5299 | Жекешелендіру аудиті бойынша нұсқаулық | 1998, 2001, 2004, 2007 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| ISSAI 5300-5399 | IT- аудиті бойынша нұсқаулық | 1995 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| ISSAI 5400-5499 | Мемлекеттік қарыз аудиті бойынша нұсқаулық | 2007, 2010 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2016ж |

| | | | |
|--|--|------------|--|
| ISSAI 5500- 5599 | Апат зардаптарын алдын алу мен жоюға бөлінген қаражат аудиті бойынша нұсқаулық | 2013 | Әрбір 5 жыл, алғашқы қайта қарау 2018ж |
| ISSAI 5600- 5699 | Эксперттік бағалау бойынша нұсқаулық | 2010 | Әрбір 3 жыл, алғашқы қайта қарау 2013ж |
| INTOSAI GOV | | | |
| INTOSAI GOV 9100- 9199 | Ішкі бақылау | 2007, 2010 | Алғашқы қайта қарау 2016ж |
| NTOSAI GOV 9200- 9299 | Бухгалтерлік есеп стандарттары | 2010, 2013 | - |
| Ескерту: кесте келесі әдебиет көздері негізінде автормен құрастырылған -[6],[7, 60 б.] | | | |

Экономиканың мемлекеттік секторындағы INTOSAI аудит стандарттарын 1-суретте көрсетілгендей 3 топқа біріктіруге болады [3, 79 б.].



Сурет-1. INTOSAI аудит стандарттарының топтастырылуы.
(Ескерту: [3, 79 б.] әдебиет негізінде құрылған)

Жалпы стандарттар – тәуелсіздік, құзыреттілік, тиісті тексеру, іріктеу және оқыту, сондай-ақ мемлекеттік аудиторлардың біліктілігін көтеру, нұсқаулықтарды дайындау, біліктілікті қамтамасыз ету және т.б. мәселелерді анықтайды.

Рәсімдік стандарттар – жоспарлау, қадағалау және инспекциялаумен байланысты мәселелерді анықтайтын аудитті жүргізу стандарттары. Сонымен қатар бұл стандарттар келесі мәселелерді қамтиды: ішкі бақылау, заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сақтау, аудиторлық дәлелдемелер мен фактілерді жинау, аналитикалық процедураларды қолдану.

Есеп беру стандарттары – толықтық, аяқталғандық, тақырыпқа сәйкес келу, уақытылы есеп беру және т.с.с. талаптарға сай келетін есепті дайындау ережелерін анықтайды. Отандық стандарттардың жіктелуіне келетін болсақ, оны келесідей жіктеуге болады (Сурет-2) [2]:



Сурет-2. Отандық стандарттардың жіктелуі.
(Ескерту:[2] әдебиет негізінде құрылған)

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттары мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың халықаралық стандарттарын ескере отырып, 2015 жылы 12 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 8-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттары келесі 13 стандарттардан тұрады:

1. Тәуелсіздік;
2. Әдептілік;
3. Объективтілік;
4. Кәсіби құзыреттілік;
5. Кәсіби пайым;
6. Есептілік;
7. Анықтық;
8. Ашықтық;
9. Жариялылық;
10. Құпиялылық;
11. Мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану;
12. Басқару;
13. Сапа бақылау.

Жалпы стандарттар мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізудің тиімділігін, дәйектілігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне қойылатын негізгі талаптарды қамтиды [8].

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың отандық рәсімдік стандарттарына тоқталатын болсақ, оның мазмұнында мемлекеттік аудитті жүргізу рәсімдеріне, механизм мен әдістеріне, сонымен қатар мемлекеттік аудит органдарының қызметіне қойылатын талаптары қамтылады. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңына сәйкес отандық рәсімдік стандарттар 3 топқа бөлінеді (Кесте – 2).

Кесте 2

Рәсімдік стандарттадың топтастырылуы

| Түрі | Әзірлейтін және бекітетін орган |
|------|---------------------------------|
| 1 | 2 |

| | |
|--|---|
| Мемлекеттік аудит және ішкі мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттары | Есеп комитеті мен ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган бірлесіп |
| Сыртқы мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттары | Есеп комитеті |
| Ішкі мемлекеттік аудиттің рәсімдік стандарттары | Есеп комитетінің келісуі бойынша ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган |
| Ескерту: кесте келесі әдебиет көздері негізінде автормен құрастырылған – [2] | |

Есеп комитеті рәсімдік стандарттарды әзірлеместен бұрын олардың тізбесін, оларды әзірлеу мерзімдерін, жауапты орындаушыларды қалыптастырады. Қажет болған жағдайда, рәсімдік стандарттың тағайындалуына қарай, Есеп комитеті стандартты әзірлеу үшін сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, мүдделі мемлекеттік органдардың, қоғамдық аудиторлық және халықаралық ұйымдардың, ғылыми мекемелердің өкілдерінен тұратын жұмыс тобын құрай алады [9]. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының сыныптамасы мен бүгінгі күнге дейін әзірленіп бекітілген рәсімдік стандарттар тізбесі төменгі кестеде көрсетілген (Кесте – 3):

Кесте 3

Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының сыныптамасы

| Рәсімдік стандарттың коды | Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарының жүйесі | Қабылданған рәсімдік стандарттың коды | Қабылданған рәсімдік стандарттың атауы |
|---|--|---------------------------------------|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1-бөлім. Қызметті жоспарлау | | | |
| 001-099 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметін жоспарлау | - | - |
| 2-бөлім. Сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізу | | | |
| 100-499 | Сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізу | | |
| 100-199 | Тиімділік аудиті | 100 | Тиімділік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 101-199 | Мемлекеттік басқару салалары және экономиканың салалары бойынша тиімділік аудитін жүргізудің ерекшеліктері | - | - |

| | | | |
|---|---|-----|--|
| 200-299 | Сәйкестік аудиті | 200 | Сәйкестік аудитін жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 201-299 | Мемлекеттік басқару салалары және экономиканың салалары бойынша сәйкестік аудитін жүргізудің ерекшеліктері | - | - |
| 300-399 | Қаржылық есептілік аудиті | | |
| 302-399 | Мемлекеттік басқару салалары бойынша қаржылық есептілік аудитін, шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізудің ерекшеліктері | - | - |
| 400-599 | Аудиттің мамандандырылған салалары | | |
| 400-499 | Тиімділік аудитінің мамандандырылған салалары | - | - |
| 500-599 | Сәйкестік аудитінің мамандандырылған салалары | - | - |
| 600-699 | Үшінші тұлғалардың жұмысын пайдалану | 600 | Мемлекеттік аудитті жүргізуге аудиторлық ұйымдар мен сарапшыларды тарту бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 3-бөлім. Мемлекеттік аудиттің сапасын бақылау | | | |
| 700-749 | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарының сақталуын бақылау | 700 | Мемлекеттік аудит нәтижелерін тану бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 750-799 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізетін аудиттің сапасын бақылау | 750 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сапа бақылауын жүзеге асыруы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 4-бөлім. Қаржылық бақылау | | | |
| 800-899 | Қаржылық бақылаудың ден қою шаралары | - | - |
| 5-бөлім. Сараптамалық-талдау қызметі және есептілік | | | |

| | | | |
|--|---|------|---|
| 900-999 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сараптамалық-талдау қызметі | 900 | Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ағымдағы бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| | | 901 | Республикалық бюджеттің атқарылуын кейіннен бағалауды жүзеге асыру бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарт |
| | | 902 | Мәслихаттарға облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты |
| 6-бөлім. Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы | | | |
| 1000-1099 | Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өзара іс-қимылы | 1000 | Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссияларының өз жұмысы туралы ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты бекітілсін |
| | | 1001 | Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының қызметіне бағалау жүргізу бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты бекітілсін |
| Ескерту: кесте келесі әдебиет көздері негізінде автормен құрастырылған – [9],[10] | | | |

Берілген кестеден көріп отырғанымыздай мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттардың 6 бөлімінің ішінде екі бөлімі, яғни 1-бөлімі «Қызметті жоспарлау» және 4-бөлім «Қаржылық бақылау» ашылмаған. Бұл рәсімдік стандарттардың жуық шамамен 67%-ы қарастырылып, қалған 23%-ы қарастырлмағандығын көрсетеді. Сонымен қатар рәсімдік стандарттардың «Сыртқы мемлекеттік аудитті жүргізу» атты бөлімге

назар аударатын болсақ, оның құрамына кіретін 6 бөлімшесінің ішінде 300-399, 400-499, 500-599 дейінгі нөмірлерді қамтитын бөлімшелерінде бір де бір стандарт бекітілмеген. Елбасымыз 2018 жылы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында кез келген реформаларды іске асыру барысында өзінің барлық іс-қимылын халықтың әл-ауқатын арттыруға арнайтын жинақы әрі тиімді мемлекеттік аппарат маңызды рөл атқаратындығын айтқан болатын [11]. Осыған орай мемлекеттік аудит органдары қызметінің тиімділігін озық тәжірибеге сәйкестендіру арқылы түбегейлі арттыру қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1.«Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 14 желтоқсандағы Жолдауы –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қарастыру күні: 14.11.2018 ж.)
2. Қазақстан Республикасының 12.11.2015 ж. № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қарастыру күні: 14.11.2018 ж.)
3. Алибекова Б.А., Мұхаметкәрім А.М., Тажикенова С.К., Нурхалиева Д.М., Зейнельгабдин А.Б., Ногербеков С.Н., Туребекова Б.О., Мақыш С.Б., Қарыбаев А.К. Мемлекеттік аудит: Оқулық/Жаңбыршин К.Е. редакциясымен – Астана: Л.Н.Гумилева ат. ЕҰУ, 2018 – 360б.
4. Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қарастыру күні: 16.11.2018 ж.)
5. Нугербеков С.Н. Мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарын қолдану мәселесі//Мемлекеттік аудит. – 2018. -№1 (38). – 28-31 б.
6. Мемлекеттік аудит органдарының халықаралық ұйымының ресми сайты –URL: <http://www.intosai.org> (Қарастыру күні: 16.11.2018 ж.);
7. Слободяник Ю.Б. Особенности имплементации международных стандартов государственного аудита//Международный бухгалтерский учет – 2014. – 34 – С. 58-68;
8. Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 167 Жарлығы –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қарастыру күні: 17.11.2018 ж.);
9. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 14-НҚ нормативтік қаулысы– <http://adilet.zan.kz> (ақпарат өңделген күн – 17.11.2018 ж.);
10. Сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттарын бекіту туралы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 5-НҚ қаулысы– <http://adilet.zan.kz> (ақпарат өңделген күн – 17.11.2018 ж.);
11. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылдың 5 қазандағы Жолдауы – <http://adilet.zan.kz> (ақпарат өңделген күн – 18.11.2018 ж.).

Б.А. Алибекова, Д.Б.Джаксылыкова

Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Система стандартов государственного аудита

Аннотация. В данной статье рассмотрена система стандартов государственного аудита, в том числе международные и отечественные стандарты государственного аудита, то есть второй уровень нормативно-правового регулирования государственного аудита в Республике Казахстан. Учитывая условия глобализации, соответствие недавно сформированных отечественных стандартов требованиям международных стандартов является актуальной проблемой. Поэтому в этой статье были определены отечественные стандарты, находящиеся в применении на сегодняшний день, а так же готовность отечественных стандартов государственного аудита к интеграции стандартам ISSAI, основанных на международном опыте.

Ключевые слова: государственный аудит, стандарты государственного аудита, международные стандарты государственного аудита, отечественные стандарты государственного аудита, INTOSAI, высшие органы государственного аудита.

B.A. Alibekova, D.B. Jaxylykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

System of the state audit standards

Abstract: This article discusses the system of the state audit standards, including international and national standards of state audit, that is, the second level of regulatory control of the state audit in the Republic of Kazakhstan. Considering the conditions of globalization, the compliance of the recently formed national standards with the requirements of international standards is an actual problem. Therefore, this article identified national standards that are in use today, as well as the readiness of national standards of state audit to integrate ISSAI standards based on international experience.

Keywords: state audit, standards of state audit, international standards of state audit, national standards of state audit, INTOSAI, supreme bodies of state audit.

References

1. «Qazaqstan-2050» strategiasy: qalyptasqan memlekettin jana sarası bagyty» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2012 jyldyn 14 jeltoqsandagy Joldauy [The Message of the President of the Republic of Kazakhstan from December 14, 2012 «Kazakhstan-2050 strategy: a new political course of the established state»]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (accessed: 14.11.2018);
2. Qazaqstan Respublikasynyn 12.11.2015 j № 392-V «Memlekettik audit jane qarjylyq baqylau turaly» Zany [The Law of the Republic of Kazakhstan No 392-V «On State Audit and Financial Control» dated November 12, 2015]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 14.11.2018);
3. Alibekova B.A., Mukhametkarim A.M., Tajikenova S.K., Nurhalieva D.M., Zeynelgabdin A.B., Nogerbekov S.N., Turebekova B.O., Makysh S.B., Karybaev A.K. Memlekettik audit [State audit]. Textbook / Dzhanburchin K.E. Editorial office L.N. Gumilyova. ENU, Astana, 2018.
4. Qazaqstan Respublikasynda memlekettik auditti engizu tujyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2013 jylgy 3 qyrkuiektegi № 634 Jarlygy [The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 3, 2013 № 634 On Approval of the Concept of State Audit in the Republic of Kazakhstan]. Available at: <http://adilet.zan.kz>

(accessed: 16.11.2018).

5. Nugerbekov S.N. Memleketтік auditin halyqаралыq standarttaryn qoldanu maselesi [Problems of application of international standards of state audit] Memleketтік audit [Public audit]. 1 (38), 2018, pp. 28-31.

6. Memleketтік audit organdarynyn halyqаралыq uymynyn resmı saıty [Official website of the International Organization of State Audit Institutions]. Available at: <http://www.intosai.org> (Accessed: 16.11.2018).

7. Slobodianik Yu.B. Osobennosti implementatsii mezhdunarodnykh standartov gosudarstvennogo audita [Features of implementation of international standards of state audit] Mezhdunarodnyy bukhgalterskiy uchet [International Accounting] 2014, pp. 58-68.

8. Memleketтік audittin jane qarjylyq baqylaудын jalpy standarttary Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2016 jylgy 11 qantardagy № 167 Jarlygy [The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 11, 2016 № 167 General Standards of State Audit and Financial Control]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (accessed: 17.11.2018).

9. Syrtqy memleketтік audittin jane qarjylyq baqylaудын rasimdik standarttaryn azirleu men bekitu qaqıdalaryn bekitu turaly Respublikalyq biudjetтин atqaryluyn baqylau jonindegi esep komitetinin 2015 jylgy 28 qarashadagy № 14-NQ normativtik qaulysy [Approval of the Rules of Development and Approval of Procedural Standards of External State Audit and Financial Control Regulatory Resolution of the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget of the Republic of Kazakhstan dated November 28, 2015 No 14-OD]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (accessed: 17.11.2018).

10. Syrtqy memleketтік audittin jane qarjylyq baqylaудын rasimdik standarttaryn bekitu turaly Respublikalyq biudjetтин atqaryluyn baqylau jonindegi esep komiteti Toragasynyn 2016 jylgy 31 nauryzdagy № 5-NQ qaulysy [On Approval of Procedural Standards of External State Audit and Financial Control Resolution of the Chairman of the Accounts Committee for Control over Execution of the Republican Budget from March 31, 2016 № 5-HL]. Available at: <http://adilet.zan.kz> (accessed: 17.11.2018).

11. «Qazaqstandyqtardyn al-auqatynyn osui: tabys pen turmys sapasyn arttyru» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2018 jyldyn 5 qazandagy Joldauy [The Message of the President of the Republic of Kazakhstan on October 5, 2018 «Growth of Kazakhstan’s welfare: improvement of income and living standards»] Available at: <http://adilet.zan.kz> (accessed: 18.11.2018).

Авторлар туралы мағлұмат:

Алибекова Б.А. – Экономика ғылымының кандидаты, Мемлекеттік аудит кафедрасының доценті, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш. 13А, Астана, Қазақстан.

Джаксылыкова Д.Б. – Мемлекеттік аудит кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көш. 13А, Астана, Қазақстан.

Alibekova B.A. - Candidate of Economic Sciences, Professor, Associate Professor of the State Audit Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan Str. 13A, Astana, Kazakhstan.

Jaxylykova D.B. – Master of State Audit Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazhymukan Str. 13A, Astana, Kazakhstan.